

Шошқалардың инфекциялық ауруларын алдын-алу және жою бойынша Ветеринарлық ережелерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 65 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2005 жылда 24 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 3458. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 10-1/18 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.01.17 № 10-1/18 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 26 бабына с ә й к е с ,

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса берілгендер бекітілсін:

- 1) шошқаның қан тышқағын алдын-алу және жою бойынша ветеринариялық е р е ж е л е р д і ;
- 2) шошқаның атрофиялық ринитін алдын-алу және жою бойынша ветеринариялық е р е ж е л е р д і .

2. Ветеринария департаменті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстардың және Астана, Алматы қалаларының аумақтық басқармаларымен бірге, заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес, осы бұйрықтан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы бұйрық ресми жариялаған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
а у ы л ш а р у а ш ы л ы қ М и н и с т р і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 4 қ а ң т а р д а ғ ы N 6 5
бұйрығымен бекітілген

Шошқаның дизентерия ауруының алдын-алу және жою бойынша Ветеринарлық ережесі

Шошқаның дизентерия ауруының алдын-алу және жою бойынша шараларды жүргізудің ветеринарлық ережесі (кейін - Ереже) Қазақстан Республикасының "

Ветеринария туралы" Заңының 26 бабына сәйкес, жеке және заңды тұлғалармен міндетті түрде ветеринарлық шараларды ұйымдастыру мен жүзеге асырудың тәртібін анықтайды.

1. Жалпы ереже

1. Шошқа дизентериясы жұқпалы ауру мен сипатталатын нәжісінде қан және шырыш араласуымен, тоқтамай іштері өтумен, сонымен бірге тоқ ішектің шырышты катаральды-геморрагиялық қабынады және жансыздау өзгерістер байқалады.

2. Дизентерияға қарсы шараларды жүргізуді ұйымдастыру кезінде қоздырғышы спирохета екендігін есте ұстау қажет.

3. Балау, індетті мәліметтерге, клиникалық белгілеріне, патолого-анатомиялық өзгерістерге, материалдың микроскопиялық зерттеуіне сүйеніп қойылады.

4. Шошқа дизентериясын міндетті түрде мына аурулардан ажырату қажет; обадан, сальмонеллезден (паратиф), вирусты (трансмиссивті) гастроэнтериттан, анаэробты энтеротоксемиядан, колибактериоздан, гельминтоздардан жаңа туған төлдердің, диспепсиясынан сондай-ақ токсикоздардан және жануарларды сапасыз азықпен азықтандырумен байланысты әртүрлі аурулар.

2. Дизентерияға ветеринариялы-санитарлы таза аймақтарда өткізілетін алдын-алу шаралары

5. Инфекция қоздырғышының жағдайы таза шаруа қожалыққа енуі және дизентерияның шошқа фермаларында таралуына жол бермеу мақсатында шаруа қожалықтың жетекшілері мен мал шаруашылық қожалығының мамандары м і н д е т т і :

1) ветеринарлы-санитарлы ережелерді және шошқаларды азықтандыру мен жабдықтау технологиясы талаптарын қатаң түрде орындау;

2) жабық түрдегі шошқа кешендеріндегі мал басын өз төлі есебінен толықтырып, ал бордақылау кешендеріндегі малдарды шаруашылық қожалығына бекітілген қолайлы (2-3 жылдан кем емес аралығында) шошқа дизентерия ауруынан таза шаруашылық, сонымен қатар шошқаларды дизентерлеу қожалығынан әкелу арқылы толықтырылады;

3) шошқа дизентериясы жоқ, нашар шаруашылық қожалығымен фермамен шаруашылық байланысына жол бермеу;

4) шошқа бордақылау кешенінде жас аналық торай мен қабандарды тұқымдыққа пайдалануға қатаң түрде тиым салынады.

6. Жағдайы қолайлы шаруашылық қожалығына әкелген жануарларды карантин қойылған бар фермада 30 күннен кем ұстамайды. Осы уақыт ішінде

әрбір шошқаға жан-жақты диагностикалық зерттеулер (сонымен қатар дизентерияға да) алдын-алу шараларын жүргізеді.

7. Басқа шаруашылық қожалығынан ауру жас малды әкеткен кезде, оның карантиялы кезеңінде осындай шамадағы 5-10 сау жас малды топқа қосады (биосынама). Күйіктен өткен малдарды егер карантия кезеңінде ауру белгілері байқалмаса және лабораторлы зерттеулер теріс нәтижелі болса сау мал деп есептейді.

8. Карантин қойылған фермада шошқада дизентерияға күдікті гастроэнтерит дамыса малдың, бар тобын союға жібереді де мұқият санациядан өткізеді (секция, клетка қора).

9. Ауру малды негізгі фермаға бір цехтан екінші цехқа ауыстырған кезде торайдың, жабынын 0,5 процент күйдіргіш натри мен 1 процент формальдегид бар формальдегидтің сілтілік ерітіндісімен өңдейді.

3. Дизентериядан таза емес аймақтарда және індеттік ошақтарда өткізілетін шаралар

10. Ауру бөлінген ауылға (шошқа қорасына) шектеулер қойылады: малдарды орнын ауыстыруға, бөтен адамдар келуге рұқсат етілмейді және дезинфекция (дәрілеу) жүргізіледі.

11. Емдеу үшін Қазақстан Республикасы территориясында қолдануға рұқсат етілген препараттар қолданылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
А у ы л ш а р у а ш ы л ы қ м и н и с т р і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 4 қ а ң т а р д а ғ ы N 6 5
бұйрығымен бекітілген

Шошқаның атрофиялық ринитін алдын-алу және жою бойынша Ветеринарлық ережесі

Шошқаның атрофиялық ринитін алдын-алу және жою бойынша шараларды жүргізудің ветеринарлық ережесі (кейін - Ереже) Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 26 бабына сәйкес, жеке және заңды тұлғалардың міндетті түрде ветеринарлық шараларды міндетті түрде ұйымдастыру мен жүзеге асырудың тәртібін анықтайды.

1. Жалпы ережелер

1. Шошқаның атрофиялық риниті - шошқалардың жұқпалы ауруы, ауру торайлардың танау маңайындағы қойнаулардың, өкпенің, ортаңғы және ішкі

құлақтың, ми қабатының асқынуымен сипатталады, оған жас және үлкен шошқалар шалдығады. Көбінесе ауруға торайлар бейім келеді, оларға туғаннан бастап 3-4 айлық жасына дейін жұғады.

2. Дерттің қоздырушы - *Bordetella bronchiseptica* - жылжымайтын спорамен, қабықша құрамайтын, көлемі орташа (0,4-0,5; 1,5-2,5 микрометр) граммтеріс таяқша.

3. Шошқаның атрофиялық ринитіне диагнозды қоярда клиникалық-індеттік мәліметтерге және керек жағдайда патогистологиялық зерттеулерге сүйенеді. Диагнозды дәлелдеу үшін міндетті түрде 3-4 ауру немесе ауруға күмәнді торайларды сояды, кейін бас сүйегін аралап танау қуысын қарайды.

2. Шошқаның инфекциялық атрофиялық ринитін ветеринарлы-санитарлық таза аймақтарда өткізілетін алдын-алу шаралары

4. Шошқаның жұқпалы атрофиялық ринитінің алдын-алуы келесіге негізделген:

1) шаруашылық қожалығын инфекцияның енуінен сақтау, шошқаларды азықтандырғанда және баққанда жалпы ветеринариялық-санитарлық және зоогигиеналық талаптарды орындайды;

2) ветеринариялық куәлікпен бекітілген инфекциялық атрофиялық ринитін ветеринарлы-санитарлық таза аймақтардағы сау шаруашылық қожалықтарынан әкеліп шошқалардың тобын құрады;

3) жаңа әкелінген шошқаларды 30-күндік карантинде ұстау және аналық шошқаларды торайлағаннан кейін оқшауханада 1,5-ай ұстау. Жалпы топқа тек қана мегежін мен торайлардың арасында ауруға күмәнді торай болмағанда кіргізеді;

4) жасына байланысты шошқаларды бөлек ұстайды;

5) мегежіндердің торайлануға және шағылысуға дайындағанда керекті протейннің, минералдық заттардың және витаминдердің балансыланған қажеттілігін қамтамасыз ету, сонымен қатар шошқаларды жабдықталған жазғы лагерьлерде ұстау;

6) торайлау кезінде мегежіндерді жасы бойынша бөлінген топтардан бөлек ұстайды;

7) шошқа фермасының маңайын және қораларын көктем мен күзде механикалық тазалау, кейін дезинфекциялап және қиды биотермиялық зарарсыздандырады;

8) шошқа қорасының кіре берсіне дезерітіндісі бар жәшіктерді қояды және уақытымен дератизация өткізеді;

9) жеке меншік шошқаларын жұқпалы атрофиялық риниттен сау емес шаруашылық қожалықтарының шошқаларымен бірге қосуға болмайды;

10) шошқа тұрған қораларға бөгде адамдардың кіруін болдырмау;

11) айына бір реттен сирек емес барлық шошқа басын ветеринар маманымен клиникалық қараудан өткізеді;

12) шошқаны күтуге қолданылатын заттарды (күрек, айыр, сыпыртқы) күнделікті тазалау және дезерітінділермен тазалайды;

13) әр шошқа қорасына сабын мен қол жуғыш қояды және олардан арнайы киімді шығаруға тыйым салынады;

14) әр 10-15 күн сайын барлық шошқа шаруашылық қожалықтарында санитарлық күн өткізеді;

15) міндетті түрде ветеринариялық зертханаға түскен шошқа өлексесінің танау қуысын ашу және жұқпалы атрофиялық ринитке байланысты өзгерістерді табу.

3. Шошқаның инфекциялық атрофиялық ринитін таза емес аймақтарда және індетті ошақтарда өткізілетін шаралар

5. Ауруды дәлелдеген соң барлық шаруашылық қожалығындағы шошқа басын клиникалық қараудан өткізеді, нәтижесіне қарай үш топқа бөледі және келесі іс-шаралар өткізіледі:

1) ауру шошқалар тобы, аурудың белгілері айқын көрінетін шошқаларды жалпы шошқа қорасынан оқшаулайды және етке тапсырады немесе шошқа фермасынан тыс семіртуге қояды;

2) шартты сау шошқа тобы арасынан аурғандар бөлінсе, оларды әр 5-6 күн арасында жеке клиникалық қараудан өткізеді және ауру шыққан барлық шошқаларды оқшаулайды және етке тапсырады немесе шошқа фермасынан тыс семіртуге қояды. Егер де мегежін тобынан инфекциялық атрофиялық ринитпен ауырған бір торай болсада, осы мегежін тобындағы барлық торайларды аналық шошқамен бірге фермадан тыс жерге оқшаулайды, семіртуге қояды және семіртіп болған соң союға жібереді;

3) сау шошқа тобына барлық қалған шошқа бастарын, клиникалық қарауда ауру белгілері байқалмағандарды кіргізеді, оларға аурудан сақтау шараларын қолданады.

6. Жеке шаруашылық қожалығының басшылары ферманы сауықтыруды жоспар бойынша орындау керек, онда негізінен келесілер қарастырылады:

1) клиникалық сау шошқа қораларынан таңдалған үш немесе оданда көп торайлары бар аналық шошқалар мен екі жастан асқан аталық шошқалардан топ

кұру, оларды шаруашылық қожалығы сауыққанша жеке ұстап, құрғақ жақсы желдетілетін қораларда оқшаулайды;

2) осы топтар тұратын шошқа қораларында тазалау, ондау жұмыстарын өткізу, қора маңайында және ішінде дезинфекция және дератизация өткізеді;

3) клиникалық сау шошқа топтарын оқшау бағылатын жазғы лагерьлерге шығарады, оларды күту үшін бөлек жұмысшылар бөледі;

4) сау емес шошқа бастарын етке тапсыру, оларды инфекциялық атрофиялық ринит ауруынан таза аймақтардағы сау шошқа тобында өсірілген аналық шошқа басына айырбастау немесе басқа шаруашылық қожалығынан сау шошқа бастарымен ауыстырылады.

7. Ауру анықталған шаруашылық қожалығын індетті ошақ деп шығарады, оны тіркеуге алып ішінде шектеу енгізеді.

8. Шектеу талаптары бойынша, рұқсат берілмейді:

1) шаруашылық қожалығы түгелімен сауыққанша шошқа басын көбейту үшін басқа шаруа қожалығына (бөлімге, фермаға) шығаруға;

2) клиникалық сау емес шошқаларды семіртуге басқа шаруашылық қожалығына шығаруға.

9. Бір жыл ішінде ауру байқалмаса және сау торайлар алынса, шартты сау мегежін тобынан соңғы екі рет торайлағанында сау торай шыққанда, сонымен қатар осы ветеринариялық ережедегі барлық шаралар орындалса шаруашылық қожалығын аурудан таза деп шығарады.